

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒҮЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«ҒҮЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»**

**PROCEEDINGS
of the XX International Scientific Conference
for students and young scholars
«ҒҮЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»**

**2025
Астана**

УДК 001(06)
ББК 72я631
F96

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2025» студенттер мен жас ғалымдардың
XX Халықаралық ғылыми конференциясы = XX Международная
научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE
BILIM – 2025» = The XX International Scientific Conference for
students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2025». – Астана:
– 3813 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-08-5373-7

**Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас
ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті
мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.**

**The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young
researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities. В сборник
вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по
актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.**

УДК 001(06)
ББК 72я431
F96

ISBN 978-601-08-5373-7

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2025

1836.	Мухтар А.З.	Тұрақты логистиканың болашағы: жасыл технологиялар мен инновациялар	7802
1837.	Өміржан Д.С.	Международный транспортный коридор «Север-Юг»: перспективы и вызовы	7807
1838.	Пулатов М.М., Пулатова М.Ж.	Способы усиления пропускной и провозной способности железнодорожного участка Ангрэн – Пап	7812
1839.	Смагулова А.Е.	Преимущества и вызовы применения технологии Блокчейн в логистике	7815
1840.	Серикова Д.Б.	Көлік-логистика саласындағы цифрлық экожүйелерді қалыптастыру және дамыту. (Қазақстандық логистикалық кәсіпорындар мысалында)	7820
1841.	Солод А.И.	Повышение безопасности движения на основе применения кольцевых пересечений	7826
1842.	Темирханұлы Т.	Повышение качества транспортного обслуживания пассажиров	7829
1843.	Тохиров О.З., Рустамжонов Б.Э.	Определение количества приемо-отправочных путей железнодорожной грузовой станции «К» в условиях увеличения объемов перевозок	7833
1844.	Шаймардан Д.Т.	Қойма логистикасындағы заманауи ақпараттық технологиялар	7836
1845.	Шүрекен Д.А., Алтаев Н.С.	Цифрлық трансформация жағдайында логистикалық процестерді оңтайландыру	7839

СОДЕРЖАНИЕ

СЕКЦИЯ 13 ОБРАЗОВАНИЕ

ПОДСЕКЦИЯ 13.1 ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ НА ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКАХ

1846.	Abdushukurova Zh. F., Aripbek S. B.	Is multilingualism making us more emotionally intelligent? A cognitive science perspective	7844
1847.	Akhan A., Berdibay D.	Six levels of thinking: applying bloom's taxonomy in education	7846
1848.	Akim A.	Digital tools in language learning:	7848

		advancing lexical-grammatical skills of secondary school students	
1849.	Ermekova R., Amzina K., Adambay Sh.	Methods of using icts in teaching english language in kazakhstan	7852
1850.	Baltabai S.K.	Top online platforms for improving listening skills in foreign language teaching	7856
1851.	Imangaliyeva M.	Analyzing the impact of open educational resources on academic achievement	7862
1852.	Kaldybay M.	Self - study in learning foreign language	7866
1853.	Konakbayeva A.B.	From conventional to multimodal reading: new approaches in teaching english	7869
1854.	Ryskulbek A. Kh., Kaliyeva A. A.	Modern innovations in teaching foreign languages	7873
1855.	Shander D.	The english language acquisition: Why are you still unable to speak it?	7878
1856.	Tangatar A.	The role of graphic organisers in teaching writing skills	7882
1857.	Yerbulatova Zh. M.	Modern innovations in teaching foreign languages	7886
1858.	Zhangabek A. O.	Digital storytelling in efl: enhancing writing and reading skills	7889
1859.	Абай Е. С.	Ағылшын тілі сабақтарында қолданылатын пікірталас әдісі туралы	7896
1860.	Акимбекова К.Ж.	Феномен фальшивой дружбы в рассказе оскара уайльда «преданный друг»	7898
1861.	Донбаева А. А.	Использование аутентичных текстовых материалов при обучении чтению в целях повышения мотивации к изучению иностранного языка	7903

1862.	Дүйсенғали Б. Ж., Ақылбаева Ж. Қ.	«Shadowing» (көлеңкелі қайталау) әдісінің білім беру құралы ретінде оқушылардың тыңдау және сөйлеу дағдыларын дамытуға әсері	7907
1863.	Жаңабай Д. А.	Оқушылардың сөйлеу дағдыларын дамыту үшін көркем әдебиетті пайдалану	7910
1864.	Кайратова А. К.	Современные технологии в обучении иностранным языкам: инновации и перспективы	7912
1865.	Кульжин Қ. Н.	Повышение мотивации и учебной активности обучающихся через нейросетевые технологии в веб-приложениях	7915
1866.	Ма мырова Ф. Н.	Инновационные технологии в реализации когнитивно-лингвокультурологического подхода к обучению иностранным языкам в вузе	7919
1867.	Нәрібек Б. С.	Мектептегі ағылшын тілін оқыту үдерісіне мобильді құрылғыларды кіріктіру	7924

ПОДСЕКЦИЯ 13.2 КОНСОЛИДАЦИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКИХ РЕСУРСОВ В ГЛОБАЛИЗАЦИИ ОБРАЗОВАНИЯ

1868.	Amirbekov M. M., Makhambetova Zh. T.	The problem of bullying among adolescents in the republic of kazakhstan	7926
1869.	Bektaу N.S.	Review on the effectiveness of digital teaching tools in the school education process	7929
1870.	Kaliyeva A. A., Ryskulbek A. Kh.	Enhancing students' motivation and engagement through inquiry-based learning	7931
1871.	Tazhibay A. M.	Influence of professional guidance for the effective career choice	7937
1872.	Аубакирова С. Т.	Тілдік білім – құндылық бағдар қалыптастырудың маңызды құралы	7942
1873.	Амангелди Д.	Балалардың даму қабілеттіліктеріне деген кеңістікті қалыптастырудағы	7947

		шахмат ойынының маңызы	
1874.	Әшір А. С.	Аз қамтылған отбасындағы балаларды мектеп ортасына әлеуметтендіру	7950
1875.	Әшір А. Т.	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар бастауыш сынып оқушыларын психологиялық қолдау	7953
1876.	Байтуған Г.	Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілін дамытуда цифрлық технологияларды пайдалану	7956
1877.	Гайсин А. И.	Сущность понятия «эмоциональное неблагополучие студентов»	7959
1878.	Горбунова К. В.	О психологической природе ценностных представлений как регуляторов поведения личности	7962
1879.	Дарбаева Г. Қ.	Цифрлық дәуірде педагог-психологтардағы кәсіби Стресс мәселелері	7966
1880.	Даулетқызы А.	Режиссерлік ойын арқылы баланың байланыстырып сөйлеуін дамыту	7969
1881.	Джаппарова Л.А.	Университет жағдайында шетел студенттерін әлеуметтік-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру	7973
1882.	Дихан А. Б.	Жаңа форматтағы педагогиканың даму үрдісі мен мәселелері	7976
1883.	Ерқасым Н. Т.	Аз қамтылған отбасы балаларын әлеуметтік бейімдеудің педагогикалық шарттары	7980
1884.	Ермекова С. А.	Метанавық целеполагания: возможности развития через систему профессиональной ориентации	7984
1885.	Жапекова М. Н.	Жасөспірім оқушылардың әлеуметтік ортадағы қарым-қатынасына эмоционалды интеллекттің ықпалы	7988
1886.	Жумабай Ә. К.	Жеткіншектердің бос уақытын ұйымдастыру мәселелері	7993
1887.	Жумабекова Ф.	Синдром самозванца среди зуммеров: влияние цифровых технологий и социально-культурных факторов	7998
1888.	Задаев О. Т.	Болашақ әлеуметтік педагогтердің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру: теориялық және	8001

		практикалық аспектілер	
1889.	Исмаил Н.	Балалар үйіндегі жеткіншектерді еңбекке баулуды әлеуметтік-педагогикалық қолдаудың жүйесі	8003
1890.	Кабдуалиева А. Ж.	Корпоративная культура как инструмент повышения эффективности деятельности образовательной организации	8006
1891.	Кошенова М. М.	Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынастың заманауи көрінісі	8011
1892.	Кудайбергенова А. Т.	Жасөспірімдердің оқу мотивациясын қалыптастыру мүмкіндіктері	8015
1893.	Кулдашева Н.У.	Студенттердің психологиялық денсаулығын зерттеу ерекшеліктері	8017
1894.	Кулдашева Н.У. Ырымбаева Н. А.	Болашақ педагогтардың цифрлық мәдениетін дамыту жолдары	8020
1895.	Кульмагамбетова Г. С.	Процесс ознакомления с предметным миром как инструмент развития словарного запаса у детей младшего дошкольного возраста	8023
1896.	Куршева А. В.	К проблеме влияния родительского стиля воспитания на развитие самооценки у детей	8028
1897.	Кусаинова Т. К.	Библиотерапия арқылы жеткіншектердің құндылық қатынастарын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық негіздері	8032
1898.	Қабдулуахит М. Б.	Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу дағдарымын бағалау	8035
1899.	Лукашкина А. Т.	О некоторых психологических проблемах детской одаренности	8039
1900.	Моминова Г. М.	Творческий потенциал школьников как фактор успешной академической социализации	8043
1901.	Мұратқызы А., Байтана Ә. Е.	Театр педагогикасы тарихының оқушылардың бос уақытын ұйымдастыруда қолданылуы	8046
1902.	Мұратова Д. Т.	Арт-терапия әдістерімен жасөспірімдердің өзіндік қарым-	8051

		қатынасын оңтайландыру	
1903.	Нуриева Д. Р.	Цифровая трансформация педагогики: роль информационных технологий в повышении квалификации преподавателей	8055
1904.	Сабыржан А. Б.	Эмиль реджио педагогикасы негізінде балалардың байланыстырып сөйлеуін қалыптастырудың мүмкіндіктері (ересек топ)	8059
1905.	Сарқыт Е. М.	Ж.Аймауытовтың қазақ тілін оқыту әдістемесі: жаңартылған білім беру мазмұны және әлемдік әдістемелік ұстанымдармен сабақтастық	8062
1906.	Соколова К. И.	Исследование трудностей обучения студентов с СДВГ	8065
1907.	Спандияр П. Ж.	Инновациялық мектептер жағдайында жеткіншектердің мамандық таңдау мотивациясын қалыптастыру	8069
1908.	Сұлтанова А. Н.	Жобалық оқыту әдісі оқушылардың мотивациясын арттыру құралы ретінде	8072
1909.	Тайгарина А. Э.	Психикалық дамуы тежелуі бар бастауыш сынып оқушыларының инклюзивті ортаға бейімделу ерекшеліктері	8076
1910.	Тұрлыбаева Ж. С.	Шетелдік оқушыларды қазақстанның білім беру жағдайына бейімдеудің ерекшеліктері	8079
1911.	Туранова А. А.	Бейімдік дене шынықтыру арқылы аутизм синдромы бар балаларды әлеуметтік ортаға бейімдеу	8082
1912.	Хайруллина Д. Е.	Мектептегі кәсіби бағдар беру жұмысы негізінде жасөспірімдердің саналы кәсіп таңдауын жетілдіру	8085
1913.	Чикова И. В.	О некоторых аспектах развития субъектности студента вуза: реалии и перспективы	8094
1914.	Шарапатова Р. Ж.	Бесінші сынып оқушыларын негізгі мектепке бейімдеу	8097

**ПОДСЕКЦИЯ 13.3 АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ, ТЕНДЕНЦИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ
РАЗВИТИЯ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ И СПОРТА**

1915.	Аблаева Н. М., Волчихин А.А.	Проблемы физического развития в современном мире у подростков.	8101
1916.	Актаева А.Г., Мысан В.В.	Использование современных технологий (виртуальная реальность (vr) и цифровые тренажеры) в обучении и подготовке спортсменов и учащихся в возрасте 16-21 года.	8104
1917.	Алдабергенова Ж.Б.	Күш төзімділікті дамыту маңызы.	8106
1918.	Амантаева А.Б.	Биологические ритмы стрелков: влияние режима дня на точность.	8107
1919.	Асылханова Л.Д.	Құзыреттілік тәсілін қолдану арқылы 8 сынып оқушыларының ағылшын тіліндегі биология бойынша білім сапасын арттыру.	8112
1920.	Әшірбай Б.Қ.	Қазақстан республикасындағы есірткілікті үгіттеу: журналистикалық зерттеу.	8115
1921.	Әшірбай Б.Қ.	Қазақстандағы есірткіге тәуелділіктің қазіргі бейнесі және жастардың пікірі.	8118
1922.	Бусурман Д. Қ.	Оптимизация тренировочного процесса в беге на средние и длинные дистанции для школьников.	8124
1923.	Бейсекеева А.	Особенности подготовки дзюдоистов к соревнованиям различного уровня.....	8127
1924.	Бактыбай Н.К.	Жас боксшылардың дене қасиеттерін жетілдіру әдістері.	8128
1925.	Бақытжан Н.	Қазақтың ұлттық ойындары арқылы ойлау қабілеттері дамыту.	8133
1926.	Бойцова З.	Влияние психологической подготовки на результаты спортсменов в стендовой стрельбе.	8136
1927.	Болатов Б.Б.	Бокспен айналысатын 10-12жастағы балалардың физикалық қасиеттерін дамыту әдістемесі.	8138
1928.	Гончарук А.А.	Современные тенденции предмета физическая культура в общеобразовательной школе.	8140
1929.	Гуралевич Н.	Роль капитана в организации командной игры в волейболе.	8142
1930.	Даулет Д. Қ.	Психологическая подготовка дзюдоистов на соревнованиях.	8144
1931.	Дәуренбек А.	Дене шынықтырудың адамның ақыл-ой қызметіне әсері.	8146

1932.	Достов И. Б.	Бес асық қазақ халқының ойыны және оның қазіргі қоғамдағы маңызы туралы.	8150
1933.	Дауменов А.Б., Хамзин С.О.	История развития бокса как спортивной дисциплины.	8153
1934.	Елшибек Б.Ч., Ем Н.С.	Влияние занятий физической культурой на развитие когнитивных функций у детей младшего школьного возраста (7-10 лет).	8155
1935.	Ержанқызы А.	Волейбол арқылы 11-12 жас аралығындағы жасөспірімдердің физикалық қасиеттері мен дене дамуын арттыру.	8158
1936.	Есіркеп Қ. Ж.	Бастауыш сыныпта ойыны арқылы балалардың логикалық ойлауын дамыту.	8160
1937.	Еспембетова Г.	Дене шынықтыру құралдарын қолданудың педагогикалық технологиялары көмегімен жас еркін күрескерлердің дене қасиеттерін дамыту.	8164
1938.	Жемпеисова Ә.	Дене тәрбиесі барысында үйрету және дамыту негіздері.	8165
1939.	Жолдубаев А.А., Кожегалденов А.Г.	Роль бокса в физическом развитии подростков: влияние на здоровье, мотивацию и социальную адаптацию.	8169
1940.	Жулсаитова Г.Е.	Жаһандану жағдайында қазақтың ұлттық сәндік қолданбалы өнерінің рөлі.	8171
1941.	Закутняя С. Н.	Этические аспекты организации и проведения сурдлимпийских игр: взгляд тренеров и спортсменов.	8174
1942.	Иванова Д.	Влияние волейбола на физическое и психологическое развитие подростков.	8180
1943.	Изтаев Н.А.	Кибер алаяқтыққа қарсы тұрудағы құқықтық зерттеу: заманауи тенденциялар және әлемдік тәжірибелер.	8183
1944.	Иргетаева Т.М.	Жасөспірімдер волейболы: болашақ чемпиондарды тәрбиелеуді жетілдіру.	8187
1945.	Ильясов Ә. Е.	Жоо - дағы дене шынықтырудағы денсаулық сақтау технологиясы.	8190
1946.	Косенкова М.И.	Изменения в организме юношей и девушек в возрасте 18-23 года под влиянием силовых тренировок с отягощением.	8192
1947.	Какен А.Д.	14-15 жас аралығындағы баскетболшылардың жылдамдық-	8195

		күш қабілеттерін дамыту әдістемесі.	
1948.	Какимжан Н.	Дене тәрбиесінің жаңа технология арқылы баланы оқыта отырып, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру.	8197
1949.	Күнтуған Ж.М.	Қазақстандағы ауа ластануы мен басқа да экологиялық аспектілеріне қатысты жаңа мемлекеттік құжаттарын талдау.	8201
1950.	Құрманова Ж. Қ.	Гендерные особенности судейства в волейболе: сравнительный анализ эффективности мужчин и женщин в роли арбитров.	8204
1951.	Касымова М.А.	Влияние карате на показатели выносливости у спортсменов 15–17 лет.	8208
1952.	Косенкова М.И.	Изменения в организме юношей и девушек в возрасте 18-23 года под влиянием силовых тренировок с отягощением.	8211
1953.	Лазарь Д. Д., Сериков Т.Р.	Формирование командной работы, через спортивные игры.	8214
1954.	Мамырхан Н.	Баскетбол секциясында шұғылданатын 12-13 жас жасөспірімдердің дене дайындығы мен функционалдық жағдайын дамыту әдістемесі.	8216
1955.	Мухтарова А.	Дене шынықтыру физиологиялық және биохимиялық негіздері.	8218
1956.	Mukhanova К.В.	The impact of sports on society.	8222
1957.	Нүсіпақын А.	Болашақ дене шынықтыру мұғалімінің әдістемелік белсенділігін арттыру жолдары.	8224
1958.	Нугманова Г. М.	Ұлттық ойындардың оқушыларға үйрете отырып, бала бойындағы негізгі қасиеттерінің дамыту ерекшелігі.	8227
1959.	Оразғалиев А., Маратов Ч.	Футбол и образование: совмещение спорта и учёбы.	8232
1960.	Нурмагамбетова К. К.	Спортивная акробатика и олимпийское движение: барьеры и перспективы включения.	8234
1961.	Петренко Д.	Особенности тренировочного процесса спортсменов по академической гребле.	8236
1962.	Подсухина Е.Е.	Особенности психологической подготовки связующего игрока в профессиональном волейболе.	8238
1963.	Рахимова Ж.	Реабилитация травм в волейболе.	8243
1964.	Ракишев Ж.С.	Көшбасшылық – жастардың жеке тұлғалық дамуының негізі.	8245

1965.	Рахимова Ж.	Профилактика и реабилитация в волейболе.	8247
1966.	Серікбай А.	Дене шынықтыру жаттығуларының оқушылардың ағзасына тигізетін әсері.	8250
1967.	Серікова З.Қ.	Джиу-джитсуда (файтинг) техникалық-тактикалық іс-қимылдардың оқу процесін құру ерекшеліктері.	8254
1968.	Серикбаев Б.Т.	Дене шынықтыру мен спортты дамытудың өзекті мәселелері, үрдістері мен перспективалары.	8257
1969.	Сирлибаев М.К.	Білім берудегі гендерлік көзқарас мәселелері бойынша дене шынықтыру мұғалімдерінің құзыреттілігін дамыту.	8259
1970.	Сұлтанов Б.Е.	Влияние сотрудничества с тренером на карьеру и достижение спортсмена.	8264
1971.	Сұңғатолла М.	Профилактика травм у юных баскетболистов: анализ наиболее частных повреждений и методы их предотвращения.	8266
1972.	Темірғали Т.А., Басшибаев А.А.	Травмы в греко-римской борьбе: причины и профилактика.	8269
1973.	Тасқын А.	Студент жастардың дене тәрбиесімен үнемі айналысулары салауатты өмір салтын қалыптастыру негізі.	8271
1974.	Темиргалиева С.Е.	Современные вызовы и перспективы развития системы образования и воспитания в республике казахстан.	8275
1975.	Тлемисова К.К.	Психология победителя: что отличает чемпионов в волейболе.	8278
1976.	Toleukhanova А.А.	Factors contributing to the termination of athletic careers among sports major students.	8282
1977.	Төрегелді А.	Дайындықтың бастапқы кезеңінде 9-10 жас каратэшілерге спорттық қозғалыстарды үйретудің техникасы мен әдістемесі.	8284
1978.	Тюлюбаев Д.	Психологическая подготовка спортсменов в тхэквондо: методы повышения устойчивости к стрессу на соревнованиях.	8286
1979.	Тюлюбаев Д., Кагенов А.	Физическое развитие детей 4–5 классов с использованием цифровых технологий в подвижных играх.	8288
1980.	Тюлюбаев Д.Б.,Кагенов А.Р.	Психологическая подготовка спортсменов в тхэквондо: методы	8289

		повышения устойчивости к стрессу на соревнованиях.	
1981.	Тлеуберген А.Ж., Айтореева М.А.	Дене шынықтыру мен спорттың тұлға дамуына ықпалы.	8292
1982.	Умирова Д. Р.	Развитие двигательных навыков у детей младшего дошкольного возраста с помощью физкультурных праздников.	8294
1983.	Ушенина Е.С.	Оздоровительные физические упражнения при внутренних факторах риска у учащихся 9 классов.	8296
1984.	Ушенина Е.С.	Методы оценки психологического состояния спортсменов по пауэрлифтингу и их эффективность.	8302
1985.	Фарит Ж.	Әйелдердің еркін күресіндегі психологиялық қолдау мен қамтамасыз ету ерекшеліктері туралы.	8306
1986.	Хватюк Д.	Травмы в пауэрлифтинге: причина и профилактика№	8308
1987.	Шилибаев Н.А.	Орта мектеп жасындағы оқушылардың техникалық дайындағының әдістемелік ерекшеліктері.	8311
1988.	Шилибаев Н.А.	Спорттық ұйымдардағы қаржылық менеджмент.	8313

балаларға әлеуметтік белсенділік пен шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін өте қажет. Бұл бағыттағы әдістер мен жаттығулар балалардың өмір сапасын арттыруға, олардың қоғамда толыққанды бейімделуіне көмектеседі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Астапов, В.М. Коррекционная педагогика с основами нейро- и патопсихологии [Электронный ресурс] / В.М. Астапов. – М.: ПЕР СЭ, 20 06. – 176 с. – Режим доступа: UR L: <http://biblioclub.ru/index.php?page=book&id=233327>
2. Никольская О.С., Баенская Е.Р., Либлинг М.М. Аутичный ребенок: пути помощи Аутичный ребенок: пути помощи [Текст] / О.С. Никольская, Е.Р. Баенская, М.М.Либлинг. - М. : Теревинф, 1997. 9- 341 с.
3. К.З. Садуакасова, Л.З. Енсебаева- Аутизм. Даму тарихы. Қазақстандағы жағдайы. 2018-178 с.
4. История и общая характеристика адаптивной физической культуры / Под общей ред. проф. С.П. Евсеева. — М.: Советский спорт, 2003. 31-32 с. - 448 с.: ил. Т11 15ВМ 5-85009-855
5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 қаулысы. [Электрондық ресурс]: Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. - Қолжетімді: [О правах ребенка в Республике Казахстан - ИПС "Әділет"](#)
6. Средства и методы адаптивной физической культуры в обучении детей дошкольного возраста, имеющих ограниченные возможности здоровья: методические рекомендации / Сост. Н.П. Курна кова. – Южно-Сахалинск: Изд-во ИРОСО, 2022. 26 с. – 52 с.

ӘОЖ 37.048.4

МЕКТЕПТЕГІ КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУ ЖҰМЫСЫ НЕГІЗІНДЕ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ САНАЛЫ КӘСІП ТАҢДАУЫН ЖЕТІЛДІРУ

Хайруллина Дильназ Ерболатовна

hajrullinadilnaz@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Білім жоғары мектебі "Педагогика және Психология" білім беру бағдарламасының 3-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – п.ғ.д., Атемова Қалипа Тұрсынқызы

Қазіргі еңбек нарығында жасөспірімдердің саналы кәсіби таңдауы маңызды мәселе болып отыр. Марк Лентон Савикастың ғылыми зерттеулерінде мектептегі кәсіби бағдар беру жүйесінің тиімділігі оқушылардың болашақ мамандығын саналы түрде таңдауына ықпал етеді[1]. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының статистикасына сүйенсек, 2022 жылы елімізде жұмыс істейтін халықтың 22,1% өз мамандығы бойынша жұмыс істемейді, соңғы жылдары бұл көрсеткіш өсіп келеді[2]. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі білім беру мекемелерін бітірген түлектердің шамамен 40%-ы алған мамандығы бойынша жұмыс істемейтінін атап өтті[3]. Бұл деректер білім беру жүйесі мен еңбек нарығының қажеттіліктері арасындағы үйлесімсіздік мәселесін көрсетеді. Сондықтан Қазақстандағы кәсіби бағдар беру тәжірибесі әлі де жүйелі талдауды қажет етеді. Бұл оқушылардың кәсіби бағдарлануын психологиялық-педагогикалық тұрғыдан жетілдіру, ғылыми негізделген әдістерді анықтау және ұсыныстарды әзірлеу сияқты іс-әрекеттер жүзеге асуы қажет.

Жасөспірімдердің кәсіби бағдарлануы олардың болашақ мамандық таңдаудағы саналы шешім қабылдауына әсер ететін маңызды факторлардың бірі болып табылады. Бұл мәселе көптеген зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылған. Е. А. Климовтың

зерттеулерінде, кәсіби бағдар берудің жасөспірімдердің саналы кәсіп таңдауындағы рөлін зерттей отырып, бұл үдерістің кезеңдік сипатқа ие екенін ерекше атап өтті. Оның еңбектерінде жасөспірімдік шақта мамандық таңдауға әсер ететін жеке қабілеттер, қасиеттер мен еңбек нарығы талаптарының маңыздылығы көрсетіледі. Евгений Климов кәсіби бағдар беру жұмысы тұлғаның өзін-өзі анықтауына жағдай жасап, саналы таңдау жасауына ықпал ететінін жазып кетті[4]. Линда Готтфредсонның (2022) айтуынша, кәсіби таңдау теориясында әлеуметтік-экономикалық факторлардың мамандықты таңдауға әсерін зерттеп, кәсіби бағдарлану барысында саналы түрде шектеулер қою және ымыраға келу процестерін сипаттады[5]. Роберт Лент, Стивен Браун және Гейл Хакетт әлеуметтік-когнитивті теория негізінде кәсіби бағдарланудың психологиялық аспектілерін зерттеп, өзіне деген сенімділік, әлеуметтік орта және тұлғаның ішкі мотивациясы кәсіби таңдауына қалай әсер ететінін көрсетті[6]. Назар Кантарбаевич және Тілесова Гүлімханның еңбектерінде айтуынша, кәсіби өзін-өзі анықтаудың динамикалық үдеріс екендігін айқындап, қазіргі еңбек нарығындағы өзгерістерге бейімделу қажеттілігін атап өтті[7].

Қазақстандық зерттеулердің ішінде Мерует Шнарбекова айтуынша еліміздегі мектеп оқушыларына арналған кәсіби бағдар беру ерекшеліктерін қарастырып, жоғары сынып оқушыларының кәсіби бағдар алуына әсер ететін факторларды зерттей отырып, кәсіби бағдар беру жүйесінің құрылымы мен мазмұнын жан-жақты талдады. Оның зерттеуінде оқушылардың кәсіби бағдар алуында мектеп пен отбасының рөлі ерекше аталып өтеді[8]. Сонымен қатар, Лаура Бутабаеваның зерттеуінде қазақстандық мектептердегі кәсіби бағдарлау бағдарламаларының тиімділігін зерттеп, олардың оқушылардың нақты кәсіби қызығушылықтарына сәйкестігі бойынша талдау жасады, әрі инновациялық модель ойлап тапты, бірақ эмпирикалық зерттеулер өткізілуі керек. Алайда, қазіргі зерттеулерде кәсіби бағдар берудің тиімді әдістеріне қатысты жүйелі ғылыми негіздемелер жеткіліксіз[9]. Әсіресе, Қазақстанда мектеп оқушыларына арналған кәсіби бағдарлау бағдарламаларын еңбек нарығының заманауи талаптарымен сәйкестендіру мәселесі әлі толық зерттелмеген. Осыған орай, бұл зерттеу кәсіби бағдарлау жүйесінің теориялық және практикалық кемшіліктерін жөндеуге және дамытуға бағытталған.

Зерттеуде жалпы мектептегі кәсіби бағдар беру жүйесінің оқушылардың саналы мамандық таңдауына әсерін анықтау мақсат етіп көзделді. Бұл мақсатқа жету үшін теориялық және эмпирикалық әдістер қолданылды. Теориялық бөлімде кәсіби бағдар беру саласындағы ғылыми әдебиеттер және халықаралық тәжірибелер талданды, оның тиімділігіне әсер ететін факторлар қарастырылды. Эмпирикалық бөлімде 10-11 сынып оқушылары арасында сауалнама жүргізіліп, олардың мектептегі кәсіби бағдар беру сапасына деген көзқарасы мен оның тиімділігіне қатысты ойлары мен көзқарастары зерттелді. Сауалнамаға 10-11 сынып оқушылары қатысты, себебі бұл кезең кәсіби бағдар берудің шешуші сатысы болып табылады. Сауалнамада оқушылардың мектептегі кәсіби бағдар беру шараларына қанағаттанушылығы, болашақ мамандықты таңдауда кездесетін қиындықтар, әрі кәсіби бағдар беру жүйесін жетілдіруге қатысты ұсыныстары анықталды. Алынған мәліметтер сипаттамалық талдау әдісі арқылы өңделді, негізгі үрдістер мен мәселелер анықталды.. Зерттеу нәтижелері кәсіби бағдар беру жүйесін жетілдіруге бағытталған әдістемелік және практикалық ұсынымдар әзірлеуге негізгі ақпарат көзі болды. Бұл ұсынымдар мектеп бағдарламасына кәсіби бағдар беру шараларын неғұрлым тиімді енгізуге, оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеруге және олардың кәсіби қызығушылықтарын дамытуға септігін тигізеді.. Сонымен қатар, зерттеу қорытындылары білім беру саласындағы басқару шешімдерін қабылдауда және оқушыларға арналған кәсіби бағдар беру стратегияларын жетілдіруде практикалық маңызға ие.

Кәсіби бағдар беру – оқушылардың болашақ мамандықтарын саналы және негізделген түрде таңдауларына бағытталған маңызды процесс. Бұл үдеріс олардың жеке қабілеттері мен қызығушылықтарын ескеріп, еңбек нарығындағы қажеттіліктермен үйлестіруді көздейді.

Қазіргі таңда, әлемдік тәжірибеде кәсіби бағдар беру жүйесінің тиімділігіне ерекше мән берілуде. Мысалы, АҚШ-та жүргізілген зерттеулерде әлеуметтік-танымдық мансаптық теориясы негізінде кәсіби бағдар берудің тұлғалық ерекшеліктерді ескерген жағдайда анағұрлым тиімді болатыны көрсетілген. Оқушылардың өзіндік тиімділік сезімі, қызығушылықтары және әлеуметтену ортасы олардың болашақ мамандық таңдауына ықпал етеді. Тони Уоттс және Рональд Султана зерттеулерде кәсіби бағдар беру жүйесінің мектеп бағдарламасына интеграциялануының маңыздылығы атап өтеді, әрі мектептегі кәсіби бағдар беру мен консультацияның оқушының саналы таңдау жасауына әсерін негіздеген[10]. Мысалы, Финляндияда кәсіби бағдар беру тек оқушылардың мамандық таңдауына көмектесіп қана қоймай, олардың өзін-өзі тану деңгейін көтеруге бағытталған. Еуропалық білім фонды зерттеулерінде оқушылардың кәсіби бағыттылығы тек когнитивті факторлармен ғана емес, сонымен қатар ұлттық еңбек нарығының ерекшеліктерімен тығыз байланысты екені дәлелденді. Мектеп бағдарламаларында кәсіби бағдар беру еңбек нарығындағы сұраныстармен байланыстырылып, белгілі бір салаларға бейімдеу стратегияларын қолданылғанда ғана тиімді болатыны анықталған[11].

Қазақстандық контексте кәсіби бағдар беру мәселесіне қатысты бірқатар зерттеулер жүргізілген. Қазіргі уақытта елімізде кәсіби бағдар беру жүйесі негізінен үш бағытта жүзеге асырылады: пәндік бағдарлану арқылы бағыттау (математика, физика, биология және гуманитарлық бағыттар бойынша бейімдеу); мамандық туралы ақпарат беру (жоғары оқу орындары мен колледждердің мамандықтары туралы кіріспе); практикалық бағдар беру (оқушылардың өндірістік тәжірибеден өтуі немесе кәсіби сынамалар арқылы бағыт алуы). Қазақстандық зерттеушілерден Бағашаров Құдайбердінің еңбектерінде кәсіби бағдар беру жүйесінің қазіргі модельдерінің шектеулілігі және оның оқушылардың жеке ерекшеліктеріне жеткілікті деңгейде назар аудармайтыны анықталған. Соған орай, бұл жүйе көбіне формальды сипатта қалып, оқушылардың шынайы кәсіби мүдделерін анықтауға жеткілікті мүмкіндік бермейді[12]. Қазақстанда кәсіби бағдар беру көбінесе 11-сынып оқушылары үшін ұйымдастырылады, ал халықаралық тәжірибе оның ертерек басталуы тиімді екенін көрсетеді.

Кәсіби бағдар берудің негізгі міндеті – оқушыларға өздерінің қабілеттері мен қызығушылықтарына сәйкес дұрыс таңдау жасауға көмектесу, болашақта жұмысымен қанағаттанушылық сезімде болуын қамтамасыз ету. Мансия Садырова зерттеулері көрсеткендей, кәсіби бағдар беру жұмыстары ертерек басталғанда және жүйелі түрде жүргізілгенде, оның тиімділігі артады. Сондықтан Мансия Садырованың айтуынша, кейбір мектептерде кәсіби бағдар беру тек формальді түрде өтеді, ал оқушылармен нақты жұмыс жасалмайды. Әрі психологиялық тест алған болса да, нәтижелерін оқушылармен психологтар бөліспеуі мүмкін, солайша тұлғалық ерекшеліктерді біліп, оқушыларға бағдар беру мүмкін емес[13]. Қазіргі заманда, цифрлық технологиялардың дамуымен қоса, мектептерде сауалнамалар мен тесттерді онлайн түрде жүргізу мүмкіндігі артты. Мысалы, Google Forms, SurveyMonkey сияқты платформалар арқылы оқушыларға кәсіби бағыттау тесттерін жіберуге болады. Бұл тесттер оқушылардың қызығушылықтары мен қабілеттерін анықтап, олардың қандай мамандықтарға сәйкес келетінін көрсетеді. Нәтижелер тез өңделеді, әрі оқушыларға жекелендірілген тұғыр болады, жауаптары оқушыларға жіберіледі. Қорыта айтқанда, кәсіби бағдар беру жүйесінің тиімділігі оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеріп, олардың саналы таңдау жасауына мүмкіндік беруімен тығыз байланысты. Қазақстанда бұл жүйені жетілдіру үшін халықаралық тәжірибені ескере отырып, кәсіби бағдар беруді ертерек бастау, оқушылардың қызығушылықтары мен қабілеттерін анықтауға бағытталған әдістерді қолдану маңызды. Сонымен қатар, мектептерде кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүйелі түрде ұйымдастырып, оны оқу бағдарламасына интеграциялау қажет.

Біз 10-11 сынып оқушылары арасында олардың кәсіп таңдау дағдыларын айқындау мақсатында арнайы сауалнамалар алып, зерттеулер жүргіздік. Сауалнама Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназиясында 10-11 сынып аралығындағы мектеп оқушыларына өткізілді. Зерттеу аясында 10-11 сынып оқушылары арасында кәсіби бағдар беру және болашақ мамандықты саналы түрде таңдауына түрткі факторларды айқындау мақсат етілді, оған барлығы 30 респондент қатысты. Сауалнама нәтижелері төмендегі диаграммалармен көрсетілді.



Диаграмма 1. Оқушылардың болашақ мамандықты таңдау деңгейі

Бұдан байқағанымыздай, респонденттердің 60%-ы мамандық таңдағанымен, әлі де басқа нұсқаларды қарастырып жүргенін көруге болады. 26,7%-ы нақты шешім қабылдаған, ал 13,3%-ы мүлдем шешім қабылдамаған. Демек, оқушылар мамандықты асығыс, кездейсоқ жағдайда таңдайды деуге болады.

Келесі сұрақ оқушылардың мамандық таңдауға әсер етуші факторларды айқындауға байланысты қойылды. Онда респонденттердің 43,3%-ы таңдауларына әлеуметтік желілер әсер еткенін атап өтсе, 20%-ы өз қызығушылықтарына сүйенген, ал 16,7%-ы ата-анасының ықпалын сезінген. Сондай-ақ, мұғалімдер мен мектеп психологтарының ықпалы 16,7%-ды құрады. Бұл жөнінде келесі диаграммадан көре аламыз.




Диаграмма 2. Мамандық таңдауға әсер етуші факторлар

Оқушылардың мамандық таңдауына арнайы мақсатты ұйымдастыралатын бағдар мектеп қабырғасында жүргізіледі. Әйтседе оқушылардың 50%-ы мектептен алынатын ақпарат жеткіліксіз деп есептейді, ал 46,7%-ы белгілі бір деңгейде ақпарат алғанын айтады. Тек 3,3%-ы берілген ақпараттың толық жеткілікті екенін мойындады.





Диаграмма 3. Мектептің жеткілікті ақпарат беруі

Қоғам ілгері жылжыған сайын цифрлық технология мен білікті мамандардың құзыреттіліктеріне орай мектептегі кәсіби бағдар беру жұмыстары да барынша жетілдіріліп келеді. Бұл жағдайдың кәсіп таңдаудағы үлесін білу мақсатында «Мектепте мамандық таңдауға көмектесетін қандай іс-шаралар өтті?» деген сұрақ бойынша алынған сауалнамаға оқушылардың 56,7%-ы кәсіби бағыттағы психологиялық тесттерге қатысқанын, 43,3%-ы университет өкілдерімен кездескенін, 26,7%-ы мұғалімдермен және психологтармен жеке кеңестер алғанын айтқан. Сонымен қатар, тәжірибелі мамандармен семинарлар мен сұхбаттар 23,3%, кәсіби бағдар беру сабақтары 10% көрсеткішке ие болды.

Диаграмма 4. Мектептегі кәсіби бағдар беру іс-шаралары

Жоғарыдағы жүйелі түрде жүргізілетін іс-шаралардың өткізілуіне қарамастан жоғары




сынып оқушылары болашақта таңдаған мамандықтарын сұранысына күмәнмен қарайтындығы айқындалды. Оны «Сіз таңдаған мамандықтың еңбек сұранысқа ие екендігіне сенімдісіз бе?» деген сұрақтың жауабы нақтылай түсті. Өйткені, сауалнамаға қатысушылардың 63,3%-ы өзі таңдаған мамандығының еңбек нарығында сұранысқа ие екеніне толық сенімді емес. 10%-ы таңдаған саласының сұранысқа ие екеніне сенімді екенін айтса, тағы 10%-ы мамандығының сұранысы жоқ деп есептейді. Ал 16,7%-ы бұл мәселе туралы ойланбаған.



Диаграмма 5. Оқушылардың мамандықтардың еңбек сұранысына сенімділігі

Респонденттерден олардың таңдаған мамандықтары саналы түрде қабылдаған шешімдері екендігін білу үшін біз 5 баллдық жүйе бойынша бағалайтын сұрақтар бере отырып, келесідей жауаптар алдық: 23,3%-ы өз таңдауларын мүлдем саналы емес деп



бағалады (1 балл). 20%-ы 2 балл, тағы 20%-ы 3 балл, 30%-ы 4 балл және тек 6,7%-ы 5 балл деп жауап берді. Бұл нәтижелер оқушылардың мамандық таңдау кезінде әлі де сенімсіздік сезінетінін көрсетеді.

Диаграмма 6. Мамандық таңдаудың саналылығы

Сауалнамаға қатысушылардың 50%-ы мектепте кәсіби бағдарлау жүйесі күшейтілсе, олардың мамандық таңдауына әсер етер еді деп есептейді. 30%-ы бұл сұраққа нақты жауап бере алмайтындарын айтты, ал 20%-ы шешімдеріне ешқандай өзгеріс енгізбейтінін мәлімдеді. Ал жақсарту жолдарына келсек, жасөспірімдер кәсіби бағдар беру жүйесін дамыту үшін бірнеше негізгі бағыттарды ұсынды. Олардың 60%-ы еңбек нарығындағы сұраныстар туралы нақты деректер беруді қажет деп санайды. Сонымен қатар, 46,7%-ы әртүрлі кәсіп иелерімен кездесулер ұйымдастыруды, 43,3%-ы мамандықтар туралы көбірек практикалық ақпарат беруді, 40%-ы университеттер мен жұмыс берушілермен байланыс орнатуды және 33,3%-ы тұлғалық қабілеттерге негізделген тесттер енгізуді маңызды деп санады. Бұл мәліметтерді төмендегі диаграммаға енгіздік.




Диаграмма 7. Кәсіби бағдар беру жүйесінің жақсарту жолдары

Кәсіби бағдар бойынша ақпарат алудың ең қолайлы тәсілдері ретінде респонденттердің 43,3%-ы оқу орындары мен компанияларға экскурсияларды таңдаған. Сонымен қатар, 20%-ы психологтармен және мамандармен жеке кеңестер алуды, тағы 20%-ы интерактивті платформалар мен мобильді қосымшалар арқылы ақпарат алғанды жөн көретіндігін айтқан. Кейбір респонденттер кәсіби бағдар беру үшін нақты бағдарламалардың қажеттігін атап өтті. Ол мәліметтерді төмендегі диаграммдан көре аламыз.



Диаграмма 8. Кәсіби бағдар берудің жүйесін жақсартудың форматтары

Қорытындылай келе, сауалнама нәтижелерін талдау негізінде кәсіби бағдар беру жүйесін жетілдіру үшін нақты шаралар қабылдау қажет деп таптық. Олардың көпшілігі әлеуметтік желілер мен жеке қызығушылықтарына сүйенгенімен, кәсіби бағдар беру жүйесі

жеткілікті деңгейде жұмыс істемейді деп есептейді. Бұл жоғарыдағы зерттеулерді тұжырымдай келе мынандай қорытынды жасауға болады:

Дұрыс кәсіби бағдар беру қоғамда өз мамандығын сүйетін, психикалық тұрғыда тұрақты және бақытты тұлғаны қалыптастыруға септігін тигізеді. Зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, кәсіби бағдар беру жүйесінің қазіргі білім беру процесіндегі маңызды аспектілерінің бірі екенін көрсетеді. Бірақ кәсіби бағдарлау жұмыстарының көбінесе формалды сипатқа ие екенін, оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеретін тиімді әдістердің жеткіліксіз қолданылатынын көрсетті. Сондай-ақ, мектептерде ұсынылатын ақпарат заманауи еңбек нарығының талаптарына толық сәйкес келмейтіндіктен, түлектердің өз мамандығына деген сенімділігі төмен болуы мүмкін. Бұған қоса, зерттеу нәтижелері көрсеткендей, оқушылардың мамандық таңдауына әсер еткен маңызды факторларының бірі-әлеуметтік желілер мен оқушының жеке қызығушылықтары болып отыр, ал педагогтар мен психологтардың ықпалы төмен екендігін байқадық. Оқушылардың 50% мектеп кәсіби бағдар бойынша жеткілікті мағлұмат бермейді деп белгілеген, 46,7% ішінара ғана береді деп ойлайды. Сондықтан зерттеу нәтижелері көрсеткендей, мектептегі кәсіби бағдар беру жұмысын дамыту керек.

Біріншіден, мектептерде кәсіби бағдар беру жұмыстарына педагог-психологтарды белсенді түрде тарту қажет. Олар оқушыларға жеке қабілеттерін анықтауға көмектесіп, мамандық таңдау процесінде психологиялық қолдау көрсете алады. Екіншіден, цифрлық кәсіби бағдар беру платформаларын дамыту арқылы оқушыларды заманауи еңбек нарығының талаптарымен таныстыру маңызды. Үшіншіден, оқушыларға мамандықты тек теориялық тұрғыдан емес, практикалық жолмен таныстыру үшін кәсіпорындармен, университеттермен және түрлі ұйымдармен серіктестікті арттыру қажет. Жалпы, кәсіби бағдар беруді жетілдіру оқушылардың психологиялық тұрақтылығын нығайтып, олардың өз қабілеттеріне сенімді болуына ықпал етеді, еңбек нарығында сұранысқа ие болуына және кәсіби тұрғыдан табысқа жетуіне көмектеседі. Кәсіби бағдар беру жұмыстарын тиімді ұйымдастыру арқылы мектеп педагог-психологтары мен мұғалімдері оқушылардың өзін-өзі анықтауына, мамандыққа деген оң көзқарасының қалыптасуына және олардың кәсіби болашағына саналы қадам жасауына ықпал ете алады. Бұл өз кезегінде қоғамда психологиялық тұрғыдан тұрақты, өз ісіне қанағаттанатын, әлеуметтік белсенді, бақытты және кәсіби жетістікке жеткен тұлғалардың қалыптасуына жағдай жасайды.

Қорытындылар мен тұжырымдарды ескере отырып, қазақстандық мектептерде кәсіби бағдар беру жүйесін дамыту үшін төмендегідей ұсыныстар береміз:

1. Цифрлық кәсіби бағдар беру платформасын енгізу

Оқушыларға әртүрлі мамандықтар туралы толық ақпарат беретін, еңбек нарығындағы сұраныс, жалақы деңгейі, қажет дағдылар мен мансаптық даму мүмкіндіктері туралы деректерді қамтитын онлайн-платформа әзірлеу. Мұндай жүйе Оңтүстік Кореядағы “CareerNet” және АҚШ-тағы “O*NET” секілді ұлттық кәсіби бағдар беру порталдарына негізделуі мүмкін.

2. Оқушыларды практикалық тәжірибемен қамтамасыз ету

10-11 сынып оқушылары үшін компаниялар мен университеттермен серіктестікте кәсіби тәжірибе және тағылымдамалар ұйымдастыру. Германияда “Dual Education System” арқылы оқушылар мектеп кезінен бастап кәсіпорындарда тәжірибеден өтеді, бұл олардың мамандықты саналы таңдауға мүмкіндік береді. Мамандықтар туралы “Кәсіптік көлеңке күндері” (Job Shadowing) тәжірибесін енгізу. Әрі әртүрлі жұмыс орындарына эскурсия жасау, мектепте мамандықтар күнің өткізу қажет.

3. Кәсіби бағдар тесттерін жаңарту және дербестендіру

Қазіргі таңда оқушыларға ұсынылатын тесттер көбіне жалпы сипатта болғандықтан, олар жеке ерекшеліктерді толық есепке алмайды. Шетелдік ғылыми негізделген әдістерді енгізу тұлғалық ерекшеліктерді, қызығушылықтарды және когнитивтік қабілеттерді ескеруге мүмкіндік береді, бұл кәсіби бағдар беру сапасын жақсартады. Педагог-психологтардың бұл процестегі рөлі ерекше, себебі олар тест нәтижелерін дұрыс интерпретациялап,

оқушылардың қабілеттері мен тұлғалық типіне сәйкес келетін кеңестер бере алады. Қазіргі тесттерді шетелдік “Holland Codes” (RIASEC моделі), “Myers-Briggs Type Indicator” (MBTI) сияқты ғылыми негізделген әдістермен толықтыру. Нәтижелерге негізделген жеке кәсіби бағдар беру консультацияларын ұйымдастыру, психологиялық консультациялар өткізу, кәсіби бағдар бойыншы психологиялық тренингтер жүргізу керек. Мысалы, өзін-өзі анықтау тренингі немесе қабілеттерін анықтау, мықты және әлсіз тұстарын анықтау т.б.

4. Еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес ақпарат беру

Оқушыларды ең сұранысқа ие мамандықтар мен болашақта автоматтандырылу қаупі бар мамандықтар туралы ақпараттандыру. Кәсіби бағдар бағдарламасын еңбек нарығының сұраныстарына сәйкес үнемі жаңартып отыру. Мысалы, Сингапурда “SkillsFuture” бағдарламасы жастарды еңбек нарығындағы өзекті трендтер бойынша бағыттайды. Өзін-өзі анықтау теориясы бойынша, тұлға өз болашағын болжай алған сайын, оның ішкі мотивациясы артады[14]. Егер оқушылар еңбек нарығындағы өзгерістерді біліп отырса, саналы таңдау жасайды және мамандық таңдауда икемді көзқараспен қарайды. Бұл олардың адаптивті ойлау қабілетін дамытады, бойларында икемділікті қалыптастырады, осылайша психологиялық тұрақтылықты дамытады.

5. Әртүрлі кәсіп иелерімен жүйелі кездесулер ұйымдастыру

Танымал кәсіп иелерін шақырып, олардың жұмыс тәжірибесімен бөлісуі мамандық таңдауға септігін тигізеді. IT, медицина, инженерия, бизнес және басқа да сұранысқа ие салалардың өкілдерімен жүйелі кездесулер ұйымдастыру. Кәсіп иелерімен тікелей кездесулер оқушылардың өзіндік тиімділік сезімін арттырады, мотивациясын күшейтеді. Әлеуметтік оқыту теориясы бойынша, адам өз ортасынан үлгі алып, мотивациясын дамытады. Егер жасөспірімдер өздерін қызықтыратын саладағы жетістікке жеткен тұлғалармен кездессе, олар өз мақсаттарына сенімді түрде ұмтылатын болады.

6. Оқушыларға мамандық таңдау процесін ертерек түсіндіру

Кәсіби бағдар беру сабақтарын 7-8 сыныптардан бастап енгізу. Мектеп бағдарламасына “Қазіргі заманғы мамандықтар және болашақ дағдылары” атты міндетті модуль енгізу. Эрик Эриксонның теориясы бойынша, тұлғалық даму теориясында жасөспірімдік шақтың негізгі міндеті – идентификация екенін көрсеткен[15]. Егер осы кезеңде оқушыларға кәсіби бағдар беру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсе, олардың кәсіби идентификациясы айқын әрі сенімді түрде қалыптасады.

7. Жобалық оқытуды енгізу

Мектепте жобалық оқытуды енгізу, оқушылардың болашақ мамандығын саналы түрде таңдауына ықпал ететін маңызды әдіс. Жобалық жұмыстар арқылы оқушылар нақты кәсіби жағдайларды зерттеп, өз қабілеттері мен қызығушылықтарын іс жүзінде, практикалық тұрғыда сынап көреді. Бұл олардың мамандық таңдауда саналы шешім қабылдауына, еңбек нарығының талаптарына сай құзыреттерді дамытуына және кәсіби ортаға бейімделуіне көмектеседі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Савикас М. Л. Теория и практика построения карьеры. – М.: Питер, 2013. – 247 с.
2. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық көрсеткіштері, 2022. – Нұр-Сұлтан: Ұлттық статистика бюросы, 2022. – Қолжетімді: <https://stat.gov.kz/industries/labor-and-income/stat-ags/publications/19985/> (Қол жеткізілген күні: 31.03.2025).
3. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. Қазақстандықтардың мамандық бойынша жұмыспен қамтылуы: 2022 жылғы шолу. – Астана: Еңбекмині, 2022. – Қолжетімді: https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_news/kazakstandyiktardyin-40-payyizyi-oz-mamandygyi-boyyinsha-336074/ (Қол жеткізілген күні: 31.03.2025).

4. Климов Е. А. Психология профессионального самоопределения. – 4-е изд. – М.: Академия, 2010. – 320 с

5. Готтфредсон Л. С. Ограничение и компромисс: Развивающаяся теория профессиональных устремлений // Журнал консультативной психологии. – 2002. – Т. 49, №2. – С. 179–217.

6. Лент Р. В., Браун С. Д., Хакетт Г. Социально-когнитивная теория выбора профессии и академической карьеры // Журнал профессионального поведения. – 1994. – Т. 45, №1. – С. 79–122.

7. Жубаев Н. Қ., Тілесова Г. Ш. Оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтау және кәсіби бағдарлау мәселелері. – Ақтөбе: Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, 2023.

8. Шнарбекова М. К. Жоғары сынып оқушыларының кәсіби ұстанымдары мен кәсіби бағдарлау жұмысының ықпалы. – Алматы: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, 2023. – 128 б.

9. Бутабаева Л., Тыныбаева М., Исмагулова С., Ногайбаева Г. Системная инновационная модель профессионального ориентирования обучающихся школ как основа обеспечения инклюзивности образовательного процесса и социализации. – Нур-Султан: Национальная академия образования имени И. Алтынсарина, 2023. – 12 с.

10. Watts A. G., Sultana R. G. Career Guidance Policies and Practices in European Countries. – Luxembourg: Publications Office of the European Union, 2009. – 289 p.

11. Европейский фонд образования. Международные тенденции и инновации в профориентации. – Турин: ETF, 2020. – 150 с.

12. Бағашаров Қ. Қоғамның қазіргі даму жағдайында кәсіби бағдар жұмысын жүргізудегі кейбір өзекті мәселелер // SDU University Bulletin: Pedagogy and Teaching Methods. – 2024. – №1. – Б. 31–40. Бағашаров Қ. Қоғамның қазіргі даму жағдайында кәсіби бағдар жұмысын жүргізудегі кейбір өзекті мәселелер // SDU University Bulletin: Pedagogy and Teaching Methods. – 2024. – №1. – 31–40 б.

13. Садырова М. С., Мухтарова К. С., Макашева К. Н., Иманбаева С. Ж. Қазақстан мектептерінің түлектері арасында кәсіптік бағдар беру жұмысы бойынша білім беру практикасы: мәселелері мен шешу жолдары. – Алматы: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, 2024. – 96 б.

14. Brown D. Career Choice and Development. – San Francisco: Jossey-Bass, 2002. – 450 p.

15. Эриксон Э. Идентичность: юность и кризис. – М.: Прогресс, 1996. – 344 б.

УДК 159.99

О НЕКОТОРЫХ АСПЕКТАХ РАЗВИТИЯ СУБЪЕКТНОСТИ СТУДЕНТА ВУЗА: РЕАЛИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ

Чикова Ирина Вячеславовна

dasset1@rambler.ru

к.п.с.н., доцент, ведущий научный сотрудник научно-исследовательской лаборатории Орского гуманитарно-технологического института (филиала) ОГУ, Орск, Россия